

DOI 10.52260/2304-7216.2023.3(52).10  
 ЭОЖ: 334.732.6  
 FTAMP:68.41.53.

О.Ә. Әліпбеки, б.ғ.д., профессор<sup>1</sup>

Д. Женсахан\*, э.ғ.к., қауымд. профессор<sup>1</sup>

Е.М. Әбенов, PhD, доцент м.а.<sup>2</sup>

Г.А. Саймагамбетова, э.ғ.к., профессор<sup>3</sup>

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан<sup>3</sup>

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail:azan\_tanat@mail.ru

### ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯЛАРЫН ДАМУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазақстанның ауылдық аумақтарының тұрақты дамуының стратегиялық бағыттарының бірі - ауыл шаруашылығы (АШ) өндірісінің шағын тауарлық сипатын ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру және өнімді өндірушіден тұтынушыға дейін ілгерілету жүйесінде инфрақұрылымды дамыту. Мақалада ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауылдық аумақтарды дамытудағы стратегиялық мүмкіндіктері, әлем бойынша азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызы қарастырылды.

Қазақстан және оның өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерінің 2017-2021жж. аралығындағы даму динамикасына талдау жасалды. Кооперация процесін тежейтін жағымсыз факторлар анықталды, олар: кооператив қағидаттарына сәйкестікті және кооперативтерінің жұмысын тексеретін қаржылық қызметінің болмауы; кооперативтерді қаржыландыру шарттарына кепіл мүлкінің болмауы немесе оның өтімсіздігі және т.б. Мақалада аталған проблемаларды реттеу мақсатында мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан шаралар көрсетілді.

Зерттеудің қорытынды нәтижесінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері кооперативтерін дамыту арқылы: мемлекет тарапынан қаржыландыру мен қолдауға ие болу; өндіріске қажетті бастапқы материалдарды төмен бағамен сатып алу; экспорт көлемін ұлғайта отырып, ірі нарықтарға шығу; ауылдық аумақтардың инфрақұрылымдарын жақсарту; тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту және табыстылығын арттыру, ірі қалалардағы әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдардың жүктемесін төмендету секілді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндіктері бар екендігі көрсетілді.

**Кілт сөздер:** ауыл шаруашылығы, кооперативтер, ауыл тұрғындары, тұрмыс сапасы, ауылдық аумақтар, мемлекеттік қолдау, жалақы, жұмыссыздық, фермерлер, стратегиялық мүмкіндіктер.

**Ключевые слова:** сельское хозяйство, кооперативы, сельские жители, качество жизни, сельские территории, государственная поддержка, заработная плата, безработица, фермеры, стратегические возможности.

**Keywords:** agriculture, cooperatives, rural population, quality of life, rural areas, state support, wages, unemployment, farmers, strategic opportunities.

**Кіріспе.** Әлем бойынша ауыл шаруашылық кооперативтері (АШК) бизнестің ашықтығы, экономикалық мүмкіндіктері және тәуекелдерді азайту дәрежесі бойынша артықшылықтарымен сипатталады. Шаруашылықты жүргізудің бұл түрі ауыл тұрғындарының базалық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қабілетті. Сондықтан, АШК ауылдық территорияларды дамытудың танымал моделі болып табылады.

Мақаланың мақсаты Қазақстандағы АШК-нің ағымдағы жағдайын талдау, мәселелерді анықтап, шешу жолдарын көрсету және оның ауылдық аумақтар мен тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартудағы стратегиялық мүмкіндіктерін көрсету. Мақалада АШК-ін дамытудың ауылдық аумақтарды дамытудағы рөлін, маңызын зерделеу кезінде жалпылау, логикалық, монграфиялық әдістер қолданылды. Сондай-ақ, Қазақстан және оның өңірлерінің 2017-2021 жж. аралығындағы АШК қызметінің көрсеткіштері бойынша даму тенденциясына талдау, негізгі мәселелерді анықтау кезінде салыстырмалы талдау, синтездеу, статистикалық, жүйелік әдістер қолданылды. Нәтижесінде, шағын шаруашылық нысандарындағы өндіріс шығындардың үлесінің жоғары болуы, жаңа заң ережелері мен мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы шаруалардың жеткіліксіз хабардар болуы, кепіл мүлкінің болмауына байланысты қаржылық шектеулер,

кооператив мүшелері арасында кірісті бөлу қағидаттарының бұзылуы салдарынан өзара сенімсіздіктің орын алуы және т.б. мәселелер анықталды. Мәселелерді шешу мақсатында шағын шаруашылық нысандарды АШК-не біріктіру; АШ өнімдерінің көтерме-тарату орталықтарын (КТО) салу жобасын толық аяқтау; АШК-ін бағаның төмендеуінен және ауыл шаруашылық тәуекелдерін сақтандыру схемаларын енгізе отырып, протекционистік саясатты қолдану шаралары ұсынылды. Осылайша АШК-ін дамытудың ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын және ауылдық аумақтардың элеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдарын нығайтудағы стратегиялық мүмкіндіктері көрсетілді.

**Әдебиеттік шолу.** Әлемде 1,2 миллионнан астам фермерлік кооперативтер бар. АШК батыс елдеріндегі агрозық-түлік жеткізу тізбегіндегі нарықтың айтарлықтай үлесін алады [1]. ЕО-да бүкіл ауылшаруашылық секторы үшін кооперативтердің нарықтық үлесі Австрия, Дания, Финляндия, Франция, Ирландия, Нидерланды және Швецияда 50% - дан асады. АҚШ-та сүт кооперативтері 2020 жылы елде өндірілген сүттің 75% - дан астамын сатты [2].

Қазақстанның ауылдық территорияларын орнықты дамыту, ондағы халықтың тұрмыс сапасы мен табыс деңгейін арттыру және жеткілікті өмір сүру құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында ҚР-ның Президенті Қ.К.-Ж. Тоқаев 2022 жылдың қараша айының 28 күні «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» туралы стратегиялық құжатқа қол қойды. Оны іске асырудың негізгі механизмдерінің бірі АШК-ның жұмысын жетілдіру.

АШК-ы және олардың АӨК дамытудағы рөлі мен маңыздылығы көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі. Зерттеушілердің басым бөлігі кооперацияларды АШ кәсіпоры мен қызметкерлерінің табыстылығын арттырушы механизм ретінде түсіндіреді [3]. АШК-ін зерттеуші ғалымдардың бір тобы кооперативтерді ауыл шаруашылығы құрылымдарының тиімді жұмыс істеуін ынталандыруға, бәсекелестік қабілетті арттыруға, АӨК саласының дамуын арттырушы маңызды механизм ретінде көрсеткен [4-5].

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Дүниежүзік элеуметтік есебінде кооперацияны ауылдық территорияны дамытудың элементі ретінде қарастырған [6]. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер тобы кооперацияны ұйымдастыру арқылы жұмыссыздық және азық-түлік бағасының өсуі сияқты бірқатар мәселелерді шешуге болатындығын көрсетті [7].

Шетелдік зерттеушілер ауылшаруашылық кооперациясының артықшылықтарын оның көп қырлылығымен байланыстырады және оның экономикалық-элеуметтік аспектілердің көрсетеді [8]. Жалпы алғанда бұл зерттеулердің көпшілігі кооперацияларды ауыл шаруашылығындағы өндіріс пен бизнестің көлемін арттыруға бағытталған. Кооперацияларды ауылдық территориялардағы халықтың тұрмыс сапасымен байланыстыра отырып зерттеген ғылыми зерттеулер аз және ол ары қарай зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, біз зерттеуде кооперациялардың ауылдық аумақтарды дамытудағы стратегиялық мүмкіндіктерін қарастырамыз.

**Негізгі бөлім.** Қазақстанның АӨК дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі - ауыл шаруашылығы өндірісінің шағын тауарлық сипатын АШК-не біріктіру және өнімді өндірушіден тұтынушыға дейін ілгерілету жүйесінде инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Себебі, кооперация - Қазақстанның аграрлық секторы үшін АШ құрылымдарының тиімді жұмыс істеуін ынталандыруға арналған маңызды механизм. Ол өндірілген өнімді өндіруді, сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді бірлесіп ұйымдастыру, өндірістің негізгі құралдарымен қамтамасыз ету үшін шағын және орта шаруашылықтарды біріктіру өнімді өндіру және оны тұтынушыға жеткізу кезінде шығындарды азайтуға ықпал етеді, ауыл шаруашылығының және жалпы АӨК-нің теңгерімді дамуына белсенді әсер етеді, халықтың өмір сүру сапасын арттырып, жеткілікті өмір сүру құралдарымен қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие.

АШК-нің аталған арытшылықтарына қарамастан Республиканың АӨК-де қалыптасқан ахуалды талдау кооперативтік қағидаттардың мүмкіндіктері мен артықшылықтары, азық-түлік қорын қалыптастырудағы АШК-нің элеуетті резерві әлі толық көлемде іске асырылмағанын, оның елдің элеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі мен маңызы жете бағаланбағанын көрсетеді [9].


**Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің негізгі көрсеткіштері\***

Кооперативтер көрсеткіштері	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	Ауытқу (%) 2021/2017
Жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны, бірлік	2697	2858	2840	2919	3147	116,67
2. Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметкерлерінің саны, адам	8566	8513	7591	7692	7529	87,89
3. Ауыл шаруашылығы кооперативтерімен өндірілген өнімдер (жұмыртқа мен теріні қоспағанда), тонна	95852	137860	166520,5	206544	321193,6	335,09
4. Ауыл шаруашылығы кооперативтерімен көрсеткен қызметтер көлемі, тыс.тг	1477130	1041412	1152453	1521598	1119584	75,79

\* [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1 кестеден көріп отырғанымыздай, біз талдап отырған кезеңдер аралығында (2017-2021жж.) кооперативтердің саны біршама ұлғайды, егер 2017 жылы бұл көрсеткіш 2697 болса, 2021 жылы 3147 ауылшаруашылық кооперативтері жұмыс істеді, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 16,7%, ал 2020 жылмен салыстырғанда 7,8 % артық. Сәйкес кезеңдер аралығында, ауыл шаруашылығы кооперативтерінде өндірілген өнімдер 3 есеге дейін артты. Бірақ, бұл көрсеткіштер әлеуметтік мәселелерді (жұмыссыздық) шеше алмай отыр. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы кооперативтерінде 2021 жылдың соңында 7,5 мыңнан астам адам еңбек етті, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 1 мыңнан астам адамға немесе 12,1% аз, ал қарастырылып отырған кезеңдер аралығында ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны мен өндіріс көлемі артты. Сонымен қатар, көрсеткен қызметтер көлемі де 24,2% азайды.

Республика бойынша кооперативтердің ең көп шоғырланған аймағы Түркістан облысы (1-сурет).



1-сурет. Облыстардағы жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны (2021 ж.), бірлік\*

\* [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2021 жылғы мәлімет бойынша АШК-нің басым бөлігі Түркістан облысына тиесілі (781 кооператив), одан кейін Жамбыл (298), Алматы (291). Ақмола (277) және Шығыс Қазақстан (275) облыстары және бұл үрдіс талданатын барлық кезеңде сақталады.

АШК-нің ең аз саны құрғақшылықтан қатты зардап шеккен Маңғыстау облысының аймағында (30); Атырау облысында 17 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркелген.

2021 жылы 2017 жылмен салыстырғанда Жамбыл облысында екі еседен астам, Маңғыстауда 76% өссе, Республиканың бірқатар облыстарда: Атырау (26,1%), Қызылорда (12,5%), Қостанай (16,2%), Солтүстік Қазақстан (29,4%), Шығыс Қазақстан (24,0%) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны азайған.

Жалпы алғанда АШК қызметінің жалпы жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерінде тұрақты өсім сақталмаған. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жалпы жағдайын зерттеу мен талдау нәтижелері елімізде кооперативтерді дамыту мен қолдау бойынша түрлі деңгейдегі мемлекеттік бағдарламалардың болуына қарамастан кооператив процесін тежейтін жағымсыз факторлар бар екендігін анықтады, оларға ең алдымен, мыналарды жатқызуға болады:

- кооперацияларды құрудың негізгі қағидаттарын бұзу - кооперативке еріктілік, «төменнен жоғарыға» орнына «жоғарыдан төменге» қағидаты едәуір дәрежеде әрекет етті. АШК құру жоспары белгіленді, бұл олардың санын көбейтуге ықпал етті, бірақ олардың жұмыс жасау кезіндегі тиімділігін көрсете алмады;

- АШК-іне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кезінде кемінде 20 жеке кәсіпкерлікті біріктіру талабы қойылды, талаптарға сәйкес келмеген жағдайда кооператив және оның мүшелері мемлекеттік қолдау алуға үміткер бола алмады, бұл «жалған кооперативтердің» құрылуына әкелді, кооператив мүшелеріне АШ өндірісі мен кооперацияға қатысы жоқ бөгде адамдар кірді;

- әртүрлі деңгейдегі АШК-нің одақтары (қауымдастықтары) түріндегі үйлестіруші, реттеуші органдардың, ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің кооператив қағидаттарына сәйкестігі жөніндегі бақылаушы органдардың, АШК-нің жұмысын тексеру (аудиторлық) одақтары түріндегі қаржылық қызметінің болмауы, бұл кооператив мүшелері арасында кірісті бөлу қағидаттарының бұзылуына, дұрыс есепке алмауға, мемлекеттік тіркеуге, оларды арнаулы салық режимін сақтамауға алып келеді;

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жаңа заңның негізгі ережелері мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы жеткіліксіз хабардар болуы, түсіндіру жұмысы процесінде кешенділіктің болмауы;

- кепіл мүлкінің болмауына немесе «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» талап ететін құжаттардың санына байланысты жеңілдікті несие алудың қиындығы;

- шаруашылық жүргізудің шағын нысандарында (жеке қосалқы шаруашылық; шаруа қожалығы және т.б.) жем сатып алуға, жарық, су және т.б. жеткізу түріндегі сою цехы үшін инфрақұрылым салуға қаржы қаражатының болмауы, өнімді жинауға және тасымалдауға жұмсалатын шығындардың үлесі жоғары [9].

Бұл факторлар Республикадағы АШК-нің даму деңгейінің төмендігін, олардың қызметінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне қол жеткізбегенін растайды. АШК санының ұлғаюы ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің, өнім өндірушілердің кірістерінің өсуінің, өнімді сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау және өткізу салаларында инфрақұрылымды дамытудың, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді өндіру мен оларға қызмет көрсетудің негізгі құралдарымен қамтамасыз етудің сапалық көрсеткіштерін арттыруға қол жеткізуге ықпал еткен жоқ.

Нәтижесінде бүгінгі таңда өңірлердің экономикалық-экономикалық дамуында келесідей өзекті проблемалар орын алуда:

- Урбанизация деңгейі күшейіп, бүкіл ел бойынша 60% - ға жетті;

- Азық-түлік инфляциясы келесі жылы 20% - дан асты, бұл ретте барлық кірістердің жартысына жуығы азық-түлікке жұмсалады [7];

- Қалаларда әлеуметтік инфрақұрылымға жүктеме бар: мектептер, балабақшалар толып жатыр, ауруханалар жетіспейді, қол жетімді баспана проблемалары және т. б. бұл ретте ауылда бұл әлеуметтік нысандар континент тапшылығына немесе экономикалық тиімсіздігіне байланысты жабылады.

Ауылдың аумақтардағы көптеген проблемаларды түбегейлі шешу мақсатында Мемлекет басшысы Қ.К.-Ж. Тоқаевтың жарлығымен 2022 жылдың қараша айында ҚР-ның ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдады. Құжаттың негізгі мақсаты ауылдық аумақтарды дамыту әдістерін институционалдық тұрғыда қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру, соныдай-ақ, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту және өмір сүруге қолайлы ортаны жасау. Бұл мақсатты іске асырудың тиімді әрі негізгі тетіктерінің бірі ретінде кооперацияларды дамытудың қажеттілігі көрсетілді. Жобалардың толық көлемде орындалуы үшін Үкіметке 2023 жылы 1 миллионнан астам фермерді қамтитын, ауыл шаруашылығы

кооперациясына бір жыл ішінде 1 триллион теңге бөлу қажеттілігі тапсырылды [11]. Осылайша АШК-ын дамыту мемлекет тарапынан үнемі қолдау тауып келеді.

*Жоғарыда атап өткендей, АШК-нің дамуын тежеуші факторларды ескере отырып, оны тиімді ұйымдастырудың келесідей жолдары мен стратегиялық мүмкіндіктерін атап өтуге болады:*

1. Шағын ауыл шаруашылығы нысандарын ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру. Бұл фермерлер үшін ауыл шаруашылығы жерлерін және техниканы, технологиялық жабдықтарды және т.б. бірлесіп пайдалануға, сондай-ақ еңбек ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Мұндағы стратегиялық мақсат АШ тауар өндірушілерінің шығындарын қысқарту, өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін арттыру, еңбек өнімділігін арттыру, ауылдық аумақтардағы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды, оның ішінде: жұмыспен қамтуды кеңейту, ауыл халқының базалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету, табысын арттыру, жас кадрлардың кетуін қысқарту сияқты мәселелерді шешу.

2. КТО-н салу жобасының толық аяқтау және оны іске асыру шаларын ағымдағы жағдайға сәйкес толықтыу. Бұл жердегі стратегиялық мақсат АШ тауарларын өндірушілері, кооператив мүшелері, басқа да АШ өнімдерін дайындаушы және қайта өңдеуші кәсіпорындардың өндірістік және жанама шығындарын төмендету, ал бөлшек саудагерлер үшін тауарларды көтерме бағамен үлкен көлемде сатып алу, ішкі нарықтағы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру арқылы Республика халқын қолжетімді бағадағы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету.

3. АШК-ін тәуекелдерден сақтандыру шараларын енгізу. Ол үшін фермерлерді бағаның төмендеуі мен АШ тәуекелдерінен сақтандыру сияқты екі негізгі сақтандыру схемаларын енгізе отырып, протекционистік саясатты қолданған дұрыс деп есептейміз. Бұл отандық АШ өнімдерін өндірушілерді сыртқы бәсекелестерден қорғау, ұлттық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экспорт көлемін ұлғайту, нарықты импорттық өнімдердің жаулауына жол бермеу секілді стратегиялық мүмкіндіктерді қалыптастырады.

**Қорытынды.** АШК дамыту мен тиімді ұйымдастыру мемлекет үшін бірқатар стратегиялық мүмкіндіктерді қалыптастыра алады, олар: біріншіден, ауылдық аумақтарды дамыту мемлекет тарапынан ауқымды қаржыландыру мен қолдауды талап етеді. Ал АШК-ін дамыту кезінде бұл мәселелер ішінара қысқарады. Екіншіден, қала нарығындағы көтерме және бөлшек саудада делдалдарының әр түрлі тізбегін азайтуға мүмкіндік береді. Делдалдардың функцияларын АШК орындайды. Осылайша АШК-і басқа жобаларға жұмсалатын ақша ағындарын қысқарта отырып, КТО арқылы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруы мүмкін. Үшіншіден, ауылдық аумақтардағы жұмыссыздық мәселесі реттеліп, табыс деңгейі және тұрмыс сапасын арттыру мүмкіндігі бар. Жалпы алғанда АШК-ін дамыту ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына және оның дамуына мультипликативті әсер етеді.

*Мақала «Агроөнеркәсіптік кешендегі кооперативтік процестерді дамытуға, ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың әсерін зерттеу» (ҒТБ №BR10764919) бағдарламасы аясында орындалды.*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Candemir A., Duvaleix S. Agricultural cooperatives and farm sustainability – a literature review // Journal of Economic Surveys. – 2021. – Т. – 35. – № 4. – P. 111-114.
2. Wadsworth J. Marketing Operations of Dairy Cooperatives. Rural Development U.S. Department of Agriculture // Washington, Research Report. – 2019. – P. 48. – URL: <https://www.rd.usda.gov/files/publications/RR234Marketing-OperationsofDairyCooperatives2017.pdf>.
3. Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж., Ержанова С.К., Спанова Б.К. Развитие сельскохозяйственной кооперации в казахстане // Вестник КазУЭФМТ. – 2022. – № 3 (48) – С. 8-15.
4. Дабылтаева Н.Е., Нуртаева А. Қазақстанның ауыл шаруашылығы кооперациясының жағдайы және даму перспективасы // Научный журнал Вестник университета «Туран». – 2022. – № 1(93). – С. 36-41.
5. Калиев Г.А., Акимбекова Г.У. Сельскохозяйственная кооперация в республике казахстан: проблемы и пути их решения // Проблемы агробизнеса. – 2018. – № 1. – С. 1-15.

6. World Social Report // Reconsidering Rural Development. Department of Economic and Social Affairs Social Inclusion. UNDESA. – 2021. – P. 457. – URL: <https://www.un.org/development/desa/dspd/world-social-report/2021-2.html>.

7. Жакипова А.С., Кусаинова Ж.Ж., Байбекова Д.Д. Сельскохозяйственный кооператив как основа развития села (на примере Акмолинской области Республики Казахстан) // Международный научный журнал «Молодой ученый». – 2022. – № 47 (442). – С. 99-101.

8. Бодаухан К., Женсхан Д., Жолмуханова А.Ж. Ішкі көші-қон және оның Қазақстанның ауылдық аумақтарының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға әсері // Проблемы агрорынка. – 2022. – № 4. – С. 197-206.

9. Elijah R. Agricultural Cooperatives: Specifics, Role, Pros & Cons // Sweden: Stockholm University. EOS Data analytics. – 2022. – URL: <https://eos.com/blog/agricultural-cooperatives/>.

10. Акимбекова Г.У. Стратегические направления развития сельскохозяйственной кооперации в АПК Республики Казахстан. Национальный аграрный научно-образовательный центр. – 2020. – URL: <http://nasec.kz/ru/news/vo-glavu-ugla-razvitieselskok-hozyaystvennoykooperacii-v-apk-kazakhstana>.

11. Статистика // Бюро национальной статистики агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – 2022. – URL: <https://www.stat.gov.kz>.

12. Смаилов А.С. Новая Концепция развития сельских территорий позволит раскрыть их экономический потенциал. – 2023. – URL: <https://-primeminister.kz/ru>.

## REFERENCES

1. Candemir A., Duvaleix S. Agricultural cooperatives and farm sustainability – a literature review // Journal of Economic Surveys. – 2021. – Т. – 35. – № 4. – P. 111-114.

2. Wadsworth J. Marketing Operations of Dairy Cooperatives. Rural Development U.S. Department of Agriculture // Washington, Research Report. – 2019. – P. 48. – URL: <https://www.rd.usda.gov/files/publications/RR234Marketing-OperationsofDairyCooperatives2017.pdf>.

3. Ajmurzina B.T., Kamenova M.Zh., Erzhanova S.K., Spanova B.K. Razvitie sel'skohozyajstvennoj kooperacii v kazahstane [Development of agricultural cooperation in Kazakhstan] // Vestnik KazUEFMT. – 2022. – №3 (48). – S. 8-15 [in Russian].

4. Dabyldaeva N.E., Nurtaeva A. Kazakstannyn auyl sharuashylygy kooperaciyasynyn zhagdajy zhane damu perspektivasy [State and prospects of development of agricultural cooperation in Kazakhstan] // Nauchnyj zhurnal Vestnik universiteta «Turan». – 2022. – № 1(93). – B. 36-41 [in Kazakh].

5. Kaliev G.A., Akimbekova G.U. Sel'skohozyajstvennaya kooperaciya v respublikе kazahstan: problemy i puti ih resheniya // Problemy agrorynka [Agricultural cooperation in the Republic of Kazakhstan: problems and solutions // Problems of the agricultural market]. – 2018. – № 1. – S. 1-15 [in Russian].

6. World Social Report // Reconsidering Rural Development. Department of Economic and Social Affairs Social Inclusion. UNDESA. – 2021. – P. 457. – URL: <https://www.un.org/development/desa/dspd/world-social-report/2021-2.html>.

7. Zhakipova A.S., Kusainova Zh.Zh., Bajbekova D.D. Sel'skohozyajstvennyj kooperativ kak osnova razvitiya sela (na primere Akmolinskoj oblasti Respubliki Kazahstan) [Agricultural cooperative as a basis for rural development (on the example of the Akmola region of the Republic of Kazakhstan)] // Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Molodoj uchenyj». – 2022. – № 47 (442). – S. 99-101 [in Russian].

8. Bodauhan K., Zhenskhan D., Zholmuhanova A.Zh. Ishki koshi-kon zhane onyn Kazakstannyn auylgyr aumartarynyn aleumettik infrakurylymyn damytuga aseri // Problemy agrorynka [Internal migration and its impact on the development of social infrastructure of rural territories of Kazakhstan // Problems of the agricultural market]. – 2022. – № 4. – B. 197-206 [in Kazakh].

9. Elijah R. Agricultural Cooperatives: Specifics, Role, Pros & Cons. Sweden: Stockholm University. EOS Data analytics. – 2022. – URL: <https://eos.com/-blog/agriculturalcooperatives/>.

10. Akimbekova G.U. Strategicheskie napravleniya razvitiya sel'skohozyajstvennoj kooperacii v APK Respubliki Kazahstan [Strategic directions of development of agricultural cooperation in the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan]. Nacional'nyj agrarnyj nauchno-obrazovatel'nyj centr. – 2020. – URL: <http://nasec.kz/ru/news/vo-glavu-ugla-razvitieselskokhozyaystvennoykooperaciiiv-apkkazakhstana> [in Russian].

11. Statistika // Byuro nacional'noj statistiki agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan [Statistics // Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. – URL: – 2022. – URL: <http://> <https://www.stat.gov.kz> [in Russian].

12. Smailov A.S. Novaya koncepciya razvitiya sel'skih territorij pozvolit raskryt' ih ekonomicheskij potencial [The new Concept of rural development will allow to reveal their economic potential]. – 2023. – URL: <https://primeminister.kz/ru> [in Russian].

**Әліпбеки О.Ә., Женсхан Д., Әбенев Е.М., Саймагамбетова Г.А.**

### **СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ КООПЕРАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ**

#### **Аннотация**

Одним из стратегических направлений устойчивого развития сельских территорий Казахстана является интеграция малого товарного характера сельскохозяйственного (СХ) производства в сельскохозяйственные кооперативы и развитие инфраструктуры в системе продвижения продукции от производителя к потребителю. В статье рассмотрено значение сельскохозяйственных кооперативов в развитии сельских территорий, роль в обеспечении продовольственной безопасности во всем мире.

Сельскохозяйственных кооперативов по Казахстану и его регионам в 2017-2021гг. проведен анализ динамики развития. Выявлены негативные факторы, сдерживающие процесс кооперации: отсутствие финансовой деятельности, проверяющей (аудиторской) на соответствие принципам кооператива и работу кооперативов; отсутствие залогового имущества или его неликвидность к договорам финансирования кооперативов и т.д. В статье отражены проводимые государством меры в целях урегулирования указанных проблем и научно обоснованы стратегические возможности развития кооперативов.

Сельхозтоваропроизводители через развитие кооперативов могут достичь таких стратегических целей, как: получение финансирования и поддержки со стороны государства; приобретение исходных материалов, необходимых для производства, по низким ценам; выход на крупные рынки с увеличением объемов экспорта; улучшение инфраструктуры сельских территорий; улучшение качества жизни и повышение прибыльности населения, снижение нагрузки на социально-инженерную инфраструктуру в крупных городах может.

**Alipbeki O., Zhenshan D., Abenov Ye., Saimagambetova G.**

### **STRATEGIC OPPORTUNITIES FOR THE DEVELOPMENT OF AGRICULTURAL COOPERATION IN KAZAKHSTAN**

#### **Annotation**

One of the strategic directions of sustainable development of rural areas of Kazakhstan is the integration of the small-market nature of agricultural production into agricultural cooperatives and the development of infrastructure in the system of promoting products from producer to consumer. The article considered the importance of agricultural cooperatives in the development of rural areas, the role of them in ensuring food security around the world.

2017-2021 agricultural cooperatives for Kazakhstan and its regions. the analysis of the dynamics of development in the region was carried out. Negative factors inhibiting the process of cooperation were identified: the lack of financial activities that check (audit) the work of cooperatives and compliance with the principles of the cooperative; the lack of collateral or its illiquidity to the terms of financing cooperatives, etc.

Through the development of cooperatives, agricultural producers will be able to achieve such strategic goals as: obtaining financing and support from the state; purchasing raw materials necessary for production at low prices; entering large markets with an increase in export volumes; improving the infrastructure of rural areas; improving the quality of life and increasing profitability of the population, reducing the load on social and engineering infrastructure in large cities.

